

Ғұмырын халық ағарту ісіне, мектеп ашып, кітап бастырып, бала оқытуға арнаған ұлт педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл толады [8]. Талантты ақын, терең ойшыл, қайраткер Ыбырай Алтынсаринді қазақ ұлттық педагогикасының іргесін қалаушы деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. **Назарбаев Н.А.** Семь граней Великой степи // Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи, 2018. URL: <https://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi->
2. **Алтынсарин И.** Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1957.
3. https://alashainasy.kz/okushy_portfolio/ustazdar-turalyi-kanattyi-sozder-60211/
4. **Ситдыков А.С.** Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. – Алма-Ата.: МЕКТЕП, 1968. – 148 с.
5. **Алтынсарин И.** Избранные произведения. – Алма-Ата.: АПН, 1943. – 357 с.
6. <https://primeminister.kz/ru/news/interviews/realizaciya-zakona-o-statuse-pedagoga-i-povyshenie-prestizha-kazahstanskih-uchiteley-intervyu-s-b-asylovoj>
7. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>
8. <https://strategy2050.kz/news/lt-stazy-ybyray-altynsarin/>

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Амиртаева М. Н. – бастауыш сынып мұғалімі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп – гимназиясы» КММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы.

Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесінің қалыптасуы, Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесі жайлы айтылады.

Кілт сөздер: Ыбырай Алтынсарин, ұлы ұстаз, мектеп, оқулық, тәрбие, еңбек, тәртіп, педагогикалық идея, қабілет.

Білім беру саласындағы өзгерістер, ұлттық ерекшелікті ескеру, даралап, саралап оқыту бүгінгі буынның басты мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, осыдан бір жарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының маңызы ерекше.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. Ол ХІХ ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іске асыруды ұйымдастыруға белсене араласты. Ең алдымен, ғалым-педагог халықты дін ықпалынан босатып, ғылыми дүниетанымының қалыптасуын жеделдетуді ұсынды. Дүниетанымы кең адам қоршаған орта мен әлеуметтік-мәдени даму кеңістігінде еркін де батыл қимылдар жасай алады. Сондай-ақ, ғалым-педагог білім беруді ұйымдастырудағы өзінің негізгі принциптерін ұсынды.

Ыбырай Алтынсариннің ХІХ ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырдың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін бірде-бір жоғалтқан жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын жаңа мазмұнға ие болып, жаңара, жандана түсуде десек қателеспеспіз. Бұл ғылым мен білім дамуындағы сабақтастықты және дәстүр тұрақтылығын дәлелдей түседі.

Ыбырай Алтынсарин, бізге, ұстаздарға, яғни өз халқының ұрпақтарына сеніп кеткен тарихи тұлға. Міне, қазір біз Ыбырай атамның педагогикалық көзқарастарының қанша уақыт өтсе де жанданып, осы күнге дейін жүзеге асқанын айқын көріп отырмыз. Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалары оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алды. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда тіл-дамыту, екінші сатыда әліппе бойынша оқыту, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сынды жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін оқытуы аударма әдісін пайдаланып, екі тілде еркін сөйлеу, ойлау, сөзді үйретуден бастауында екен.

Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршеңдігін танытып отыр. Білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, оқушыларды кәсіптік бағдарлау және де тағы басқа ұстанымдар осыдан бір жарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармаларында көрініс тапқан. Оның педагогикалық көзқарасында ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беруі мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан

жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуға. Егер балалар берген ақпаратты түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлағаны жөн. Олар балалармен сөйлескен кезде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек деген ой-пікір бүгінгі таңда ұстаздардың ең басты мәселесі болып отыр. Ыбырай дәстүрі осылайша білім мазмұнын, оқыту әдістерін жетілдіруде кең қанат жайып, молыға түсуде. Асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, 1 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі таңда маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке көп көңіл бөлген. «Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады» деген екен ұлы ұстаз. Тәртіп ұғымына Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасаған. Ол бірде тәртіп – тәрбие құралы десе, бірде тәртіп – тәрбиенің нәтижесі деген. Ал бұл халық педагогикасында «Тәрбие – тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын келеді. Сондай-ақ, тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білуі мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз айтып кеткен. Міне, аса көрегендікпен көпшілікке ұсынған осы тұжырымдары қазіргі кезде мұғалімдердің қажетіне жарап жүр. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, сіңеді» деп тұжырым жасайды.

Сонымен қатар, еңбекті қадірлеу – ұлы ұстаздың шығармаларының басты тақырыбы. Өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастайды. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің ішіндегі ең шоқытығы биік шығармаларының бірі – «Бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, ауыр тұрмыстың ыстық қазанында пісіп, тағдыр тауқиметін көрген кедей баласының еңбек-қорлығын баяндайды. Осы шығарманы өткен кездегі басты мақсат Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көрегендігін, еңбекқор, өмірге икемділігін, бай баласының шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеясын айқын түсіндіре білу үлкен еңбекті талап етеді. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде еңбектенсең, талаптансаң мақсат-мұратыңа жетерсің дей келіп, балаға білім берудегі еңбекке баулу-дың рөлі өте зор деген ой тастайды. Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын да Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, қылық!» – қазақ хрестоматиясының беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай атамиз армандаған өнер-білім бар жұртқа деген сөзі – терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендеген емес, қайта балаларды білім бағына шақыра бермек.

Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. Қазақ хрестоматиясына енген алуан жанрдағы шығармалары мұның айқын дәлелі бола алады. Ыбырай атамиздың әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік мәнінің жоғарылығы, оқиғалардың балалардың жасына сай болуы, оқиғалардың шыныға ашылуы толық көрінеді.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқушының табиғи дарынын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, сабақ барысында бірнеше технология элементтерін кезекпен тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ – ұстаздың көп еңбектеніп, көп ізденуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Ыбырай Алтынсарин мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршеңдігін байқатады. Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологиялар бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп саралап оқыту, проблемалық оқыту, интерактивті, белсенді оқыту және т.б. осылардың қайсысын алсақ та негізінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары жатыр деп айтуға болады.

Қорыта келгенде, ұлыларды заман туғызады деп Гете айтқандай, ағарту саласының ірі қайраткері Ы.Алтынсариннің ағартушылық-идеялық шеберлігін заман талабына сай құбылыс деп қарауға болады. Әдебиеттік оқуда ғана емес, тіл сабақтарының өзінде халық педагогикасының негізін қалаған Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсынұлының мұраларына көмекке жүгінсек, бүгінгі ұрпақ бойынан жоғалтқанымызды табарымыз анық!

Әдебиеттер тізімі

1. **Ы. Алтынсарин** «Таңдамалы шығармалар» / Алматы, 1994 ж.
2. **«Ы. Алтынсарин тағылымы»** / Алматы, 1991 ж.
3. **«Қазақ тілі мен әдебиеті»** журналы, 2008 ж. № 4-5.
4. **«Бес ғасыр жырлайды»** / Алматы, 1989 ж. 1 том.
5. **«Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі»** Сыздықов Ә.Ы. 1969 ж.